

Кел жаңа жыл, жаңа жыл!

(Балалар залға кіреді).

Жүргізуші:

- Сәлеметсіңдер ме, құрметті бүлдіршіндер, ата – аналар және қадірлі қонақтар!
- Балалар, қыс мезгілінде бәріміз асыға күтетін бір мереке бар, ол қандай мереке қане айтыңдаршы.

Балалар:

- Жаңа жыл мерекесі.

Жүргізуші:

- Дұрыс, жаңа жыл мерекесі! Балалар бүгін біз мерекені тойлау үшін әсем безендірілген жасыл шырша түбінде жиналып отырмыз.
- Балалар, әсем шыршамыз бұданда жарқырап тұру үшін бақшамыздың меңгерушісі Оспанова А.С құттықтау сөзін берейік.

Жүргізуші:

- Рахмет, қане балалар жаңа жылға, жасыл шыршаға арналған өлең шумақтарымызды айтайық.

Гүлжамила:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Алишер:

Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын Жаңа жыл.
Ата - әже, әке – шеше,
Құтты болсын Жаңа жыл!

Ж.Айзере:

Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той – маскарад басталды
Аяз оны басқарды.

Сабина:

Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Айшабибі:

Шеберін – ай аяздың,
Әйнектерді қағаз ғып.
Әшекейлеп қойыпты
Бірнеше ою ойыпты.
Суреттерді әр үйге
Әйнектерге әрине
Түнде салып береді.
Көзі қалай көреді?

Ән: «Тамаша»

(Балалар орындарына отырады)

- Балалар,бізге жаңа жылды бірге тойлау үшін орманнан аңдар
келеді деген сыбыс бар,қане аңдарды ортаға шақырайық,
келіңдер.

(Түлкі,Тиын,Қасқыр,Қоян).

О,жараңдар,қараңдар,
Қызықтаңдар тойлаңдар.
Келді бізге қонаққа
Ормандағы бар аңдар.
Қандай тату сөздері
Күлімдейді көздері

Төрлетіңдер келіңдер
Тақпақ айтып беріңдер.

Тиын- Дана:

Ақ мамықтай киіндім,
Ән мен биге үйірмін.
Келіп алыс орманнан
Алдарына иілдім.

Түлкі- Сабина:

Түлкі сұлу мен едім,
Аңқауды алдап келемін.
Алау жақса балалар
Менде билеп беремін.

Қасқыр- Мирас:

Қоянға да сенемін,
Қозыға да сенемін.
Танысайық балалар
Қасқыр батыр мен едім.

Қоян- Али:

Мен қоянмын,қоянмын,
Аппақ қарға бояндым.
Мерекені тойлауға
Ертенменен ояндым.

Би: «Аңдар» биі

Жүргізуші:

- Аңдар отырыңдар,бізбен бірге жаңа жылды қарсы
алыңдар.Ал,енді балалар биылғы жыл иесін Мешінді ортаға
шақырайық.

Мешін-Алишер:

Жыл иесі мешінмін,
Көңілді де сұлумын.

Қаламаймын деп кешігіп
Ала таңнан ояндым
Бір жыл бойы сендермен
Бірге жүрдім ояндым
Енді, міне балалар
Кезек келді қоштасар.

Жүргізуші:

- Балалар, ескі жылға рахмет айтып, шығарып салайық.

Айша:

Көңілде көп қуаныш,
Әр көңілде жақсы үміт.
Кетер жылға мың алғыс
Әкелген көп жаңалық.
Жаңа жылда алдағы
Көңіл өсіп кеңейсін.

(Ескі жыл кетеді).

Жүргізуші:

- Ал, бізге қонаққа жаңа жыл Тауық келе жатыр.

Тауық-Б.Арай:

Мен жаңа жылмын,
Мен жаңа нұрмын.
Нұрымды да себейін,
Жырымды да себейін.

Ән: «Келді, Жаңа жыл»

Тақпақтар:

Фатима:

Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.
Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл!

Даниял:

*Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңалық ізде сен
Жаңа ән, жаңа жыр
Жазып бер бізге сен.
Жаңадан көп түрлі
Машина бергейсің.*

Даяна:

*Келді, келді жаңа жыл,
Қуанып қарсы ала біл.
Аяз ата сыйлығын
Алайық айтып жаңа жыр.*

Тамерлан:

*Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.*

Ақбота:

*Жаңа жылды қарсы алдым
Мініп алып күймеге.
Менде бүгін ән салдым
Араластым бигеде.*

Динара:

*Жасыл шырша жанында
Айнала ойнап қарсы аламыз.
Өзіміздің бақшада
Жаңа жылды қарсы аламыз.*

А.Арай:

*Ақ сақалды, таяқты,
Қалың қырау қабақты.*

Аяз ата аямай
Бізге сыйлық таратты.
Ойыншығы, шекері,
Орасан көп сияқты.

Жүргізуші:

- Балалар, Аяз ата бізге өткен жылы, келер жылы тағыда келемін деп уәде беріп еді. Бірақ кешігіп жатыр. Бізді ұмытып кетпеді ма екен. Балалар, бәріміз бірігіп Аяз атаға хат жазайық.
(конвертке салады). Ал мұны кім апарып береді?

Балалар:

- Қардан аққала жасайық, сол апарып берсін.
(Балалар қолдарын бір – біріне ұрып қар домалағын жасайды, шырша артынан Аққала шығады).

Би: «Аққала» биі

Аққала:

- Міне мен, міне мен
Сендерге не керек менен.

Жүргізуші:

- Аққала біздің балалардың жазған хатын Аяз атаға алып барып бересің бе?

Аққала:

- Мен дайынмын бұл хатты үлкен қуанышпен алып барып беремін.

Жүргізуші:

- Балалар, біздің хатымызды Аққала апарып беретін болды.

Аққала:

(Шыршаны айналып шығады)
- Бірақ мен қайда барамын. Мына үйшіктерде кім бар екен.
(Үйшіктің есігін қағады).

Әтеш:

- Ку-ка-ре-ку. Кім бұл?

Қоян:

- Кім бұл, кім тұрған?

Аққала:

- Бұл мен Аққаламын.

(Сол кезде үйшіктен Қоян мен Әтеш шығады).

Аққала:

- Мен Аяз атаны іздеп жүр едім. Маған мекен жайын айтыңдаршы. Тез арада балалардың хатын алып барып беруім керек еді.

Әтеш:

- Мен білмеймін.

Қоян:

- Мен де білмеймін. Мен саған Аюдың үйшігін көрсетіп жіберейін, саған тура жолды сол көрсетер.

Қоян мен Әтеш бір айналып үйшікке жақындап:

- Аю, тұр орныңнан бізге көмектес.

(Аю жақтырмай)

Аю:

- Неге бұлай айқайлайсыңдар ұйқымды бұздыңдар ғой, сендерге не керек?

Аққала:

- Аю, сенің көмегің керек болып тұр, Аяз ата қайда тұрады, қайда барамын.

Аю:

- Мен ініме кіргелі көп болды, оны көрмедім. Анау тұрған Түлкінің үйі ол орман тоғайда көп жүреді, мүмкін сол білер Аяз атаны.
(Аю, Әтеш, Аққала, Қоян Түлкінің үйіне келеді).

Түлкі:

- Не керек сендерге?

Аққала:

- Түлкі, бізге сенің көмегің керек болып тұр. Мен Аяз атаны іздеп жүр едім, балалардың хатын берейін деп едім, олар күтіп отыр.

Түлкі:

- Сендер Аяз атаны таба алмайсыңдар, ол үйінен ерте шығып кеткен. Арқасында бір дорба сыйлығы бар. Бірақ, ол сыйлықтар кімге арналғанын білмеймін.
(Бәрі ойланып қалады).

Түлкі:

- Қамықпаңдар мен сендерге көмектесемін. Қазір бәріміз Аяз атаның немересі Ақшақарға барамыз. Ол бізге көмектеседі. Ақшақар қуана келіседі.

Ән: «Шыршаға бардық»

Тақпақтар:

Али:

Аспан жерге төгілді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап.
Көрсін біздей балғынды
Шырқатайық ән жырды.

Ғайни:

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.
Енжарлықты тастаймыз
Шырша тойын бастайық.

Шыңғыс:

Жайна шырша жарқылдап,
Бейнесіндей сәбидің.
Түрлене түс жасыл бақ
Қыс пен жазға бірдейсің.

Е.Айзере:

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Жания:

Шанамен, шаңғымен,
Мұздарды сызалық.
Елемей ызғарды
Жаңа жыл бәйгесін
Келейік біз алып.

Нұртай:

Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Давид:

Игрушки разноцветные,
Она для нас расвесила.
И все глядят на елочку
И вес сегодня весело.

(Ақшақар кіреді)

Аққала:

- Ақшақар қызым, бізге көмектесші Аяз атаны тауып тез хатты
берейік балалар күтіп қалды.

Ақшақар:

- Жарайды, әкел хатты, әй, әй суық жел, қарлы боран тез мына мені, хатты менің атама жеткіз. Ал, балалар мен Аяз атамды қарсы алайын, сендер осында күте тұрыңдар.

Жүргізуші:

- Балалар олай болса Аяз атаны шақырайық.

Балалар:

- Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата.

Аяз ата:

Бүлдіршіндер, балғыным,
Өмір гүлім шалғыным.
Тілегім жыл бойы
Сендердің бақтарың мен денсаулығың
Сәлеметсіңдер ме, балалар?

- Міне, мен де жеттім ғой сендерге. Орман тоғайды, үскірік аяздан, сендерге келе жатқанда, сендердің хаттарыңды тауып алдым. Сендермен бірге жаңа жылды тойлаймын деп асығып жеттім.
(Аяз ата шыршаның жанына отырады).

Жүргізуші:

Ақ таяғын таянып,
Таңмен бірге оянып.
Аяз ата келіп тұр
Ақ күпіге оранып.
Көрдің бе аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұртыда
Аппақ екен шапаны

- Біздің жыл бойы сағынған Аяз атамыз ортамызда, қане бәріміз өнерімізді көрсетейік.

Ән: «Аяз ата»

Тақпақтар:

Асылым:

Ақшақарға малынып,
Аппақ тонын жамылып.
Сақалы мен мұртына
Күміс моншақ тағынып
Аяз ата келеді
Балаларды сағынып.

Мирас:

Аппақ қыстың бояуы,
Аппақ қыстың бораны.
Ақ көрпеге орайды
Ақ қар байтақ даланы.
Аяз шымшып қояды.
Ақ құшағын жаяды.

Хаят:

Сақалының ұзын – ай
Саудыраған мұзын ай.
Жарқыраған оттары
Жаңа жылдың қызығы ай.

Арсен:

Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз.
Болсын риза балаша
Аппақ атамыз.

Дана:

Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Өлеңде әзір, ән де әзір
Ойында әзір, бәрі әзір.
Кел жаңа жыл біздерге
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Аянат:

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл ала шапаны
Сағындым Аяз атаны.

Диана:

Без Дедушки мороза,
Снежинка не летят
Без Дедушки мороза
Узоры не блещут.

Би: «Ұлпақарлар» биі

Аяз ата:

- Жарайсыңдар, балалар! Мен бүгін бір қуанып, алыс жерден шаршап кегенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі. Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал, енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым сендер өсе беріңдер. Аспандарың ашық болсын. Қош болыңдар!
(Қолын бұлғап шығып кетеді).

Жүргізуші:

- Мінекей, балалар, ата – аналар бүгінгі жаңа жыл мерекесінің де соңы келді. Сіздерді келе жатқан жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз. Жаңа жылда жаңа табысқа жете беріңіздер. Аман болыңыздар.

БЕКІТЕМІН:
«Мамина» мектепке
дейінгі тәрбие мен білім беру
орталығының меңгерушісі:
Оспанова А.С.



«Жасыл шырша жанында»

«Гүлдер» тобы